БАРЛЫҚ ЕЛДЕРДІҢ ПРОЛЕТАРЛАРЫ, БІРІГІҢДЕР!

# Н ТУЫ

ОМИТЕТІНІҢ, ЕҢБЕКШІЛЕР ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ
ЗЛ ҚАЛАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ ГАЗЕТІ

5 август Жұма | жеке саны 20 тыйын. Шығуына 33 жыл

***МТС механизаторлары! Полуденьдіктердің үндеуіне іспен жауап беріп, колхоздардың бітік шыққан егінін кезінде ысырапсыз жыйнап алу үшін, Отан алдындағы бірінші парыз—мемлекетке астық тапсыру жоспарын мерзімінен бұрын орындау үшін стахановша еңбек етейік! Сөйтіп, Сталин жолдасқа жазған хатта қабылдаған міндеттеменің аброймен орындалуына жетісейік!***

## н астық
## ндеттері

ырының салдарынан
байндар мен небары
егін орылды. Бұл—
ың тең жартысы
еген сөз. Осы сияқ-
зартқыш машина-
а қоспауынан, ал,
ашиналарды өнімді
хоз қырмандарында
тық дайындау пункт
атыр.

ндай кемшіліктерге
лекет мүддесі бәрі-
тық —Отанымыздың
, МТС-тер, олардың
большевикше ұйым-
ның бітік шыққан
ытта жыйнап алуға,
тапсыру жоспарын
ындауға көмектесуге
алдында тұрған ай-
осы.

оймен орындалуы,
рдың, ондағы трак-
мыс істеуіне тікелей
ан комбайндар мен
торлардың күні-түні
еуіне, тапсырмалар-
далуына жетісу қа-
изаторлардың еңбегі

*Қазақстан К(б)П Орталық Комитетінде*

## Жай және құнарлы жемшөп дайындау және мемлекетке мал шаруашылығы өнімдерін тапсыру жөніндегі социалистік жарыс озаттарын жазу үшін республикалық және облыстық газеттерде „Құрмет Тақталарын" белгілеу туралы

Қазақстан К(б)П Орталық Комитеті социалистік жарыс озаттарын ынталандыру мақсатында жай және құнарлы жемшөп дайындау жоспарларын және мемлекетке мал шаруашылығы өнімдерін тапсыру жоспарларын мерзімінен бұрын орындауға жетіскен алдыңғы қатарлы колхоздарды, МТС-терді, ММС-терді, жылқы заводтарын, аудандарды, совхоздар және жылқы заводтары трестерін жазу үшін республикалық және облыстық газеттерде «Құрмет Тақталарын» белгілеу жөнінде қаулы алды.

Республикалық «Құрмет Тақталарына» Қазақ ССР ауыл шаруашылығы және совхоздар Министрліктерінің, дайындау Министрлігінің Қазақ ССР-дегі өкілінің ұсынуы бойынша аудан және трест бойынша жай және құнарлы жемшөп дайындау жоспарының үстіміздегі жылдың 10 сентябріне дейін орындалуын қамта-

# —СОВЕТТІК ҚАЗАҚСТАНДА—

## Кәсіподақтардың облыстық Советінде тракторшы баяндама жасады

ҚАРАҒАНДЫ. (ҚазТАГ). Кәсіподақтардың облыстық Советінің президиумы Литвинов МТС-нің тракторшысы Николай Непряхиннің жұмыс тәжрибесі туралы баяндамасын тыңдады.

Өзінің серігі Петр Весниковпен бірге Непряхин осы үстіміздегі маусымда НАТИ тракторымен 1.091 гектар жер өңдеді. Мұндай жоғары көрсеткішке барлық дала жұмыстарында сағаттық графикті қолдану арқасында ғана қол жетті. Жұмыстың барлық түрін дерлік Непряхин агрегаттармен орындайды. Төрт тісті плугпен жер жыртқанда, оған екі зиг-заг тырмасы тіркелді; егіс егу кезінде трактор 24 қатарлы 3 сеялка, 6 тырма, 3 ағаш мала сүйреді; егін орағы кезінде тракторға — «Сталинец—6» комбайны және сабан кебендегіш пен дискалы аңыз сыдырғыш тіркелді. Непряхин әрбір өндірістік операцияда жұмыстың өте сапалы болуын қамтамасыз етеді. Барлық жұмыстарды ол дәл мерзімінде орындады, бұл жұмыстарды колхоздар өте жақсы деген бағамен қабылдады.

Непряхин 10 жылдан бері Осакаровка



Павлодар облысының жеті мыңнан астам жас туристері жазғы демалыс күндерінде туған өлкені зерттеу жорықтарына шығуда.

СУРЕТТЕ: Екібастұз пионерлер лагерінің жас өлке танушылары (оң жақта) Павел **Белозубов,** Миша **Айжаров** және Владимир **Чернов** мектептегі географиялық альбом үшін саяхатқа барған жерді сурет-

## Шөлейт аймаққа арналған жаңа агрокомплекс

«Средазгипроводхлопок» гидротехникалық құрылыстарды жобалаудың мемлекеттік институтының қазақ филиалы Сырдарияның төменгі жағында пайдаланылмай жатқан 2 миллион гектар жерге күріш, мақта, жемшөптік шөптер егудің және жайылымдыққа пайдаланудың жобасын белгілеуде. Бұл жерді ауылшаруашылық мүддесіне пайдаланудың негізі Қазақ ССР Ғылым академиясының Қызылордадағы ғылми- зерттеу базасының ғылми қызметкері И. Д. Шарапов жасаған шөлейт жердің жауын-шашынсыз және ауа райының ыстық жағдайында ауылшаруашылық дақылдарын егудің жаңа агрокомплексі болып табылады.

Сырдария алқабының ауа райы мен топырақ жағдайы көпжылдық шөптерден, күріштен, тағы басқа дақылдардан мол өнім алуға қолайлы жағдай жасайды. Тек қана жердің беткі қабатының сортаңдануына және ерте көктемде топырақтың құрғауына сондай- ақ жердің жыртылатын қабатының нығыздалып, тапталып қалуына қарсы күрес жүргізу қажет. Жаңа агрокомплекс міне осы мақсаттарды орындауды көздейді. Бұл агрономиялық шаралардың ішінде көктемде зябьті қопсыту, сонан кейін малалау жолымен топырақта

*...е берген сертті аброймен орындайық!*

# ...торлар мен дән тазартқыш машиналардың ...ын толық пайдаланайық!

* * *

...ін

...арда әц-
...е колхоз
...ныс жа-
...ды ұйым-
...у. алып

...базында-
...ркойінде-
...арасын-
... жүргі-
...е жұмыл-

...тегі ком-
...ко, оның
...ары Ма-
...октік ме-
...ор брига-
...нда жаі
...рищенко
...ары мен
... ондағы
...ргы Со-
...лдар мен
...ы үшін
...ызметкер-
...ағын бе-
...мен ме-
...еткіште-
... жөнінде

...ін таңда-
...ьдіктердің
...н егінті
...нау, мем-
...ын мерзі-

☆

**Образцовая МТС-нің комбайншылары мен тракторшылары, механиктері мен агрономдары және басқа да қызметкерлері полуденьдіктердің үндеуін қызу қолдап, егін жыйнау жұмысын ұйымшылдықпен жүргізуде.**

**Төменде МТС-тің алдыңғы қатарлы адамдарына сөз беріп отырмыз. Олар егін жыйнау кезіндегі өздерінің кейбір жұмыс тәжрибелері мен табыстарын баяндайды.**

☆

* * *





СУРЕТТЕ: (солдан оңға қарай). Образцовая МТС-нің «Бірлік» колхозында күн сайын 30 гектар егін жыйнап жүрген **Қымыранов** жолдастың комбайн агрегаты. Комбайншы комсомолец **Овчинников** жолдас. Ол күнделікті егін жыйнау тапсырмасын үнемі артығымен орындап жүр.

Суретті түсірген **А. Розенштейн.**

## Тракторлар мен комбайндардың бос тұруын мейлінше қысқартудамыз

Біз, МТС механиктері, қазір, егін жыйнау маусымы кезінде ауылшаруашылық жұмыстарының басқа да салалары сияқты, тракторлар мен комбайндардың үздіксіз жүруі үшін барлық шараларды қолданудамыз. Тракторлар мен комбайндардың бос тұрмауы, өнімді жұмыс істеуі, еңалдымен, техникалық күтімге байланысты. Сондықтан техникалық күтім ережесінің мұқыят сақталып, жүзеге асырылуын бақылаймыз. Бұл жөнінде тракторшылар мен комбайншыларға ка-

...келі мастерской бар. Ол «Аварийная мастерская» деп аталады — жоғарыда аталған мастерскойлардың қамтуындағы участоктерге қажет болса қосымша көмек беру үшін жіберіледі.

Көшпелі мастеркойлардың қайсысы болсын трактор бригадаларына зор көмек көрсетуде. Жуырда «Бірлік» колхозында жұмыс істейтін бір трактордың бір бөлшегі сынды. Оны жөндеу трактор бригадасындағылардың қолынан келмейтін еді. Осы участоктегі механик ...

...зін, жұмыстағы кемшіліктердің бетін ашып, ол кемшіліктерді жою жөнінде тиісті шаралар қолданады.

Сондай-ақ МТС-те 10 күнде бір рет участоктік механиктердің кеңесі өткізіліп, олардың жұмыстарына қорытынды жасалады, алдағы міндеттер жөнінде түсінік-нұсқау беріледі.

Мұның бәрінен біздің жұмыста ешбір кемшіліктер жоқ деген ұғым тумайды. Кейбір трактор бригадалары мен комбайн ...

## Кореядағы оқыйғалар

### ХАЛЫҚ АРМИЯСЫ БАС КОМАНДОВАНИЕСІНІҢ ХАБАРЫ

ПХЕНЬЯН, 13 август. (СОТА). Корей Халық- Демократиялық Республикасы Халық армиясының Бас командованиесі 13 августа былай деп хабарлады:

Корей Халық армиясының құрамалары өткен түні қытайлық халықтық еріктілер бөлімдерімен тығыз байланыс жасай отырып, дұшпанның ұсақ подразделениелерінің атакаларын тойтарып тастауда болды.

Бүгін жау самолеттерін аңдып атушылар дұшпанның 2 самолетін атып түсірді.

### АМЕРИКАНДАР КОРЕЯНЫҢ СОҒЫС ТҰТҚЫНДАРЫН ЛИСЫНМАНДЫҚ АРМИЯҒА БАРУҒА КҮШПЕН ЗОРЛАУҒА ӘРЕКЕТТЕНУДЕ

ПЕКИН, 12 август. (СОТА). Синьхуа агенттігі тілшісінің Кэсоннан берген хабарына қарағанда, американдардың қатаң бақылауына қарамастан, Кочжедо аралынан соғыс тұтқындарының жаңа «көтерілісі» туралы хабарлар келе бастаған. Ассошиэйтед пресс агенттігі тілшісінің 7 августа Пусаннан берген хабары бойынша, бір мың «босқын» Кочжедо аралында күріш нормасының кенет азайтылуы себепті көтеріліс жасаған. Келесі күні Интернэйшнл нью сервис агенттігінің тілшісі Кочжедо аралынан хабар беріп, бұл аралдағы 80 мың «босқындардың» күріш нормасы июль айында екіжарым есе кемітілгенін айтқан. Американдар бұл «көтеріліс» жайында осы уақытқа дейін ешқандай хабар жариялаған жоқ болатын.

Алайда, деп жазады, бұдан кейін Синьхуа агенттігінің тілшісі, американдардың соғыс тұтқындарының көп бөлегін «оңтүстік Кореяның азаматтары» және «босқындар» деген категорияларға жатқызғанын дүние жүзі әлі ұмытқан жоқ. Қазірдің өзінде 27 мың тұтқынды Ли Сын Ман бандаларының зеңбірек жеміне айналдыру үшін әскери киім киюге зорлықпен көндірді. Американдар июньнің бас кезінде Ко-...

